

"Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер кеден қызметтерінің арнаулы жүктөр мен әскери мақсаттағы өнімдерді тасымалдау кезіндегі өзара іс-қимылдының тәртібі туралы хаттаманы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 2 наурыз N 318

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер кеден қызметтерінің арнаулы жүктөр мен әскери мақсаттағы өнімдерді тасымалдау кезіндегі өзара іс-қимылдының тәртібі туралы хаттаманы бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарууына енгізілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы
мемлекеттер кеден қызметтерінің арнаулы жүктөр мен
әскери мақсаттағы өнімдерді тасымалдау кезіндегі өзара
іс-қимылдының тәртібі туралы хаттаманы бекіту туралы

1999 жылғы 8 қазанда Ялта қаласында жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер
Достастығына қатысушы мемлекеттер кеден қызметтерінің арнаулы жүктөр мен
әскери мақсаттағы өнімдерді тасымалдау кезіндегі өзара іс-қимылдының
тәртібі туралы хаттама бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер кеден
қызметтерінің арнаулы жүктөр мен
әскери мақсаттағы өнімдерді тасымалдау кезіндегі өзара
іс-қимылдының тәртібі туралы
Хаттама

Ресми расталған мәтін

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер
кеден қызметтерінің арнаулы жүктөр мен
әскери мақсаттағы өнімдерді тасымалдау кезіндегі өзара
іс-қимылдының тәртібі туралы
Хаттама

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын осы Хаттамаға қатысушы мемлекеттердің
Үкіметтері,

1994 жылғы 15 сәуірдегі Еркін сауда аймағы туралы келісімнің ережелері мен 1999
жылғы 2 сәуірдегі оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Z990014_
Хаттаманы басшылыққа ала отырып,

1993 жылғы 23 желтоқсандағы Қауіпті және дәрежелі жүктөрді мемлекетаралық
тасымалдаулар туралы келісім мен 1995 жылғы 26 мамырдағы Арнаулы жүктөр мен
әскери мақсаттағы өнімдерді тасымалдаулар туралы келісімді (бұдан әрі - 1995 жылғы
26 мамырдағы Келісім) дамытуға,
жалпы танылған халықаралық нормаларға және Тараптардың ұлттық

зандарының негіздеріне сүйене отырып,
өзара тиімді сауда-экономикалық қатынастарды одан әрі кеңейтуге
ұмтыла отырып,
кеден қызметтерінің өзара тиімді іс-қимылын қамтамасыз етудің
қажеттілігін мойындаі отырып,
мына төмендегілер туралы келісті:

I. Жалпы ережелер

1-бап

Осы Хаттамада 1995 жылғы 26 мамырдағы Келісімде қолданылған терминдер пайдаланылады.

2-бап

Осы Хаттаманың мақсаты арнаулы жүктөр мен әскери мақсаттағы өнімдердің Тараптардың кедендейшкендік шекаралары арқылы қозғалысының рәсімдерін тәртіпке келтіру болып табылады.

II. Арнаулы жүктөр мен әскери мақсаттағы өнімдерді тасымалдаулардың негізгі қағидаттары

3-бап

Арнаулы жүктөр мен әскери мақсаттағы өнімдерді тасымалдаулар 1995 жылғы 26 мамырдағы Келісімде айқындалған Тараптардың тиісті құзыретті органдарының тасымалдауларды жоспарлауы кезінде, олар алдын ала келісілгенен кейін жүзеге асырылады.

4 - б а п

Арнаулы жүктөр мен әскери мақсаттағы өнімдерді кедендейшкендік шекаралар арқылы өткізу, сондай-ақ олардың ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің кедендейшкендік аумағы арқылы транзиті оларды кедендейшкендік шекарасы арқылы өткізу жүргізілетін мемлекеттер құзыретті органдарының рұқсат бойынша жүзеге асырылады.

Арнаулы жүктөр мен әскери мақсаттағы өнімдердің мемлекеттердің кедендейшкендік шекарасынан өтуі белгіленген тәртіппен халықаралық қатынастар үшін ашылған өткізу пункттерінде жүзеге асырылады.

III. Кедендейшкендік ресімдеу

5-бап

Мемлекеттердің кедендейшкендік шекарасы арқылы тасымалданатын арнаулы жүктөр

мен әскери мақсаттағы өнімдері әр мемлекеттік ұлттық кедендейк зандарында көзделген тәртіппен кедендейк бақылауға және ресімдеуге жатады.

6-бап

Арнаулы жүктөр мен әскери мақсаттағы өнімдерді кедендейк бақылау мен ресімдеу мемлекеттердің кедендейк зандарында осындай бақылау мен ресімдеу үшін белгіленген мерзімдерде жүргізіледі.

7-бап

Әскери қызметшілердің жеке мұлкі мен коммерциялық сипаттағы жүктөрді арнаулы жүктөр мен әскери мақсаттағы өнімдер түрінде тасымалдауға тыйым салынады.

8 - б а п

Орауыштар, пломбылар және мөрлер болмаған немесе бүлінген жағдайда, сондай-ақ арнаулы жүктөр мен әскери мақсаттағы өнімдер түрінде ондайлар болып табылмайтын заттар тасымалданады деп ойлауға негіздемелер болған кезде осы жүктөр Тараптардың құзыретті органдары уәкілетті адамдарының қатысуымен тексерілуі мүмкін.

Мұндай жүктөрді тексеру кезінде жоғарыда көрсетілген жүктөр аумағында болған мемлекеттік ұлттық зандары қолданылады.

IV. Ақпараттар алмасу және беру
9 - б а п

Тараптар арнаулы жүктөр мен әскери мақсаттағы өнімдерді кедендейк шекара арқылы өткізуге, сондай-ақ олардың кеден аумағы арқылы транзитіне қатысты мәселелер туралы қолданылып жүрген ұлттық зандар туралы ақпарат алмасады және бір-біріне олар енгізілгеннен кейін 20 күннен кешіктірмей зандарға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы хабарлайды.

1 0 - б а п

1. Аумақтары бойынша арнаулы жүктөр мен әскери мақсаттағы өнімдерді жоспарлы

тасымалдаулар жүзеге асырылатын мемлекеттер тасымалдаулар басталғанға дейін бір айдан кешіктірмей мұндай тасымалдаулар туралы ақпараттар алmasады.

2. Тараптар өздерінің заң актілерінің негізінде арнаулы жүктер мен

әскери мақсаттағы өнімдерді тасымалдауларды жүзеге асыру туралы ақпарат ұсыну туралы сұрау салуларды қанағаттандыруда бір-біріне жәрдем көрсетеді.

3. Егер ол сұрау салынған Тараптың егемендігіне, қауіпсіздігіне нұқсан келтіруі, оның заңдарына немесе ол алған халықаралық міндеттемелерге қайшы келуі мүмкін бола, Тараптар сұрау салуды орындаудан бас тартуға құқылы.

4. Сұрау салушы Тарап сұрау салуды орындаудан бас тартудың себептері туралы белгіленген тәртіппен хабарландырылады.

V. Ақпараттардың құпиялышы

11-бап

Осы Хаттамаға сәйкес Тараптардың бірі беретін арнаулы жүктер мен әскери мақсаттағы өнімдерді тасымалдаулар туралы ақпарат, сұрау салулар және басқа да мәліметтер осы мемлекетте ұлттық заңдарға сәйкес осындай сипаттағы және мазмұндағы өз ақпараттары үшін белгіленген осындай құпиялышы қаржимімен қамтамасыз етіледі.

12-бап

Тараптардың әрқайсысы алынатын ақпараттардың құпиялышының қамтамасыз етеді және оны кімге де болмасын екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз бермейді.

VI. Қорытынды ережелер

13-бап

Осы Хаттама Тараптар қатысушысы болып табылатын басқа халықаралық шарттардың ережелерін қозғамайды.

14-бап

Осы Хаттама депозитарий Тараптардың осы Хаттаманың күшіне енүі үшін

қажетті мемлекетішлік рәсімдерді орындағаны туралы үшінші хабарламаны алған күнінен бастап күшіне енеді. Мемлекетішлік рәсімдерді кешірек орындаған Тараптар үшін ол депозитарийге тиісті құжаттар тапсырылған күннен бастап күшіне енеді.

15-бап

Осы Хаттама ол күшіне енген күннен бастап 5 жыл бойы қолданылады. Бұл мерзім өткеннен кейін Хаттама, егер Тараптар өзгеше шешім қабылдамаса, әр жолы келесі 5 жылдық кезеңге өздігінен ұзартылады.

16-бап

Тараптардың ортақ келісімімен осы Хаттамаға оны ажырамас бөлігі болып табылатын және осы Хаттаманың 14-бабында көзделген тәртіппен күшіне енетін жеке құжатпен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

1 7 - б а п

Осы Хаттаманы қолдануға және түсіндіруге байланысты даулы мәселелер мүдделі Тараптардың консультациялары және келіссөздері жолымен шешіледі. Даулы мәселелерді келіссөздер жолымен шешу мүмкін болмаған жағдайда, Тараптар Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Экономикалық Сотына немесе өзге де халықаралық төрелік с о т т а р ғ а ж ү г і н е д і .

1 8 - б а п

Кез келген Тарап осы Хаттаманың қолданылуы кезінде туындаған

міндеттемелерді алдын-ала ретке келтіріп, ол туралы депозитарийге шығуға дейінгі 6 айдан кешіктірмей жазбаша хабарламаны жолдай отырып, осы Хаттамадан шыға алады.

19-бап

Осы Хаттама депозитарийге мұндай қосылу туралы құжаттарды беру жолымен, барлық Тараптардың келісімімен оның мақсаттары мен қағидаттарын бөлісетін басқа да мемлекеттердің қосылуы үшін ашық. Қосылу депозитарий мұндай қосылуға келісетіндігі туралы соңғы хабарламаны алған күннен бастап 30 күн өткеннен кейін күшіне енген болып саналады.

1999 жылғы 8 қазанда Ялта қаласында орыс тілінде бір тұпнұсқаулық данада жасалды. Тұпнұсқа дана осы Хаттамаға қол қойған әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жолдайтын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады.

Әзіrbайжан Республикасының Молдова Республикасының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Армения Республикасының Ресей Федерациясының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Беларусь Республикасының Тәжікстан Республикасының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Грузия Түркіменстан
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасының Украина
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

ТМД-ға қатысушы мемлекеттер үкіметтерінің
басшылары кеңесінің хаттамасына Украинаның ескертпелері

"Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер кеден қызметтерінің арнаулы жүктөр мен әскери мақсаттағы өнімдерді тасымалдау кезіндегі өзара іс-қимылдарының тәртібі туралы хаттама туралы"

1999 жылғы 8 қазан

Даулы мәселелерді Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Экономикалық Сотында қарauғa жол беретін ережелерді қоспағанда.

Украинаның Премьер-Министрі

Осымен қоса беріліп отырған мәтіннің 1999 жылғы 8 қазанды Ялта

қаласында жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер кеден қызметтерінің арнаулы жүктөрімен әскери мақсаттағы өнімдерді тасымалдау кезіндегі өзара іс-қимылдының тәртібі туралы хаттаманың дәлме-дәл көшірмесі болып табылатындығын күэландырамын.

Жоғарыда аталған Хаттаманың түпнұсқа данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады.

Атқару комитетінің төрағасы
ТМД-ның атқарушы хатшысы

Мамандар:

Багарова Ж.А.
Қасымбеков Б.А.